E.g. "We must leave this place directly" - said Mr. Pickwick, as he **rebolded** (**refolded**) the note (Dickens, p.199)

C) the certainty or inevitability of future action

E.g. What does it need to be colder soon? (Galsworthy, In Chancery, p.211)

2. The verb must is also widely used in the expression of a must. With the help of the verb must, the imperative is often expressed or a solution is formulated, both for other people and the speaker himself.

E.g. You must be reasonable, Mr. Higgins, you must. (Shaw, Pygmalion, p.42)

3. The must verb can also convey the value of probability or assumption bordering on confidence. In this sense, it is most often found with infinitive combinations containing the verb to be.

E.g. He must be quite middle-aged by dreaming.

The assumption about the past action is expressed by the combination of the verb must with the perfect infinitive form.

E.g. You must have frightened her.

4. In conjunction with the perfect infinitive, "the verb must" must (can) appear in the sense of obligation. In such cases, the combination with must has a conditional value like combinations with the forms ought or should.

Thus, there is a lot of information related to the modal category in English and Karakalpak languages. As we have seen a range of features of Modality in these languages, we must come to the conclusion through investigating modality in both languages, the usage of modality differentiate from each other but they have similarities in semantic features. What is more, in both languages modality reflects the speaker's attitude toward the situation being described.

References

1. З.К.Долгополова. Модальные глаголы в английском языке. М., 1961, с.17, 1961, с.23;
2. Насыров Д.С. Развитие языкознания в Каракалпакии, - Каракалпақ тили бойынша изертлеўлер. Нөкис, 1971.
3. Бекбергенов А. Модальные слова как самостоятельная часть речи в современном каракалпакском языке. – Каракалпақ тил билиминиң айырым мәселелери. Нөкис, «Билим», 1987, 49-56-бетлер.
4. Кутлымуратов Б. Хәзирги каракалпақ тилиндеги модаль сөзлер

- хаққында. –«ӨзИАҚҚБ Хабаршысы», 1965, №1, 79-84-бетлер.
5. Blakemore, D. (1994). Evidence and modality. In R. E. Asher (Ed.), The Encyclopedia of language and linguistics (pp. 1183–1186). Oxford: Pergamon Press
 6. К.Н.Качалова, Е.Е.Изаилевич. Практическая грамматика современного английского языка, Бишкек, 2001, с.91;
 7. Е.М.Гордон, Н.П.Крылова. Модальность в современном английском языке. М., 1977, с.15;
 8. Б.А.Ильиш “Современный английский язык” М., 1948, с.189
 9. Palmer, F. Modality and the English modals. London: Longman. 1979.- 240-243p.
 10. Palmer, F.R. Mood and Modality. Cambridge: Cambridge University Press 1986.
 11. Biber, Douglas / Johansson, Stig / Leech, Geoffrey / Conrad, Susan / Finegan Edward 1999. Longman Grammar of Spoken and Written English. London: Longman. p.483

М.Б. Байымбетова¹, Ж.А. Кұрбанбаев¹

¹Қарақалпақ мемлекеттік университеті Қарақалпақстан, Нөкис қ.,
Өзбекстан

*e-mail: m.bayimbetova@gmail.com

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ МОДАЛЬДЫҚ САНАТЫ

Аңдатпа: Қазіргі салыстырмалы тіл білімінде тілдік модальділік өзекті болып табылады. Бұл құбылыстың өзіндік ерекшелігі бар. Жұмыста модальділік категориясы және белгілі бір функционалдық ерекшеліктері бар модаль сөздердің қолданылуы қарастырылады. Зерттеу ағылшын және қарақалпақ тілдеріндегі рұқсат, ұсыныс, міндет және мүмкіншілік модаль етістіктерінің қолданылуын зерттеуге бағытталған. Зерттеу мәселесі қазіргі ағылшын тіліндегі модаль сөздердің семантикалық мүмкіндіктерін және қарақалпақ тілдеріндегі модальділіктің шығу тегін нақтылау қажеттілігіне байланысты өзекті болып отыр. Модаль сөздердің ерекшеліктері мысалдар арқылы нақтыланады.

Түйін сөздер: модальділік, категория, модаль сөздер, семантика, модаль, can, may, must.

КАТЕГОРИЯ МОДАЛЬНОСТИ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация: Языковая модальность актуальна в современной сравнительной лингвистике. Это явление имеет свою специфику. В статье рассматривается категория модальности и употребление модальных слов, обладающих специфическими функциональными признаками. Исследование направлено на изучение употребления модальных глаголов в разрешении, предложении, обязательстве и возможности в английском и каракалпакском языках. Проблема исследования актуальна в связи с необходимостью уточнения семантических возможностей модальных слов современного английского языка и происхождения модальности в каракалпакских языках. Особенности модальных слов поясняются на примерах.

Ключевые слова: модальность, категория, модальные слова, семантика, модальные, can, may, must.

Received 09 March 2022

FTAMP 16.01.45

DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu%20bulletin.v59i2.849>

*Жұлдыз Мамырбаева¹**

¹Үшқоңыр орта мектеп-гимназиясы, Шамалған, Қазақстан

*e-mail: mamyrbaeva2015@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ТАНЫМЫН АРТТЫРАТЫН МӘТІНДЕРДІ ҚОЛДАНУ

Андатпа. Мақалада қазақ тілі пәнін оқытудың бір мәселесі ретінде сабақта мәтіндерді қолдану әдістемесі қарастырылады. Оқушылардың оқу танымын арттыратын мәтіндер туралы талданады. Ғалымдар еңбектеріне шолу жасалып, оқутанымға берілген анықтамалар нақтыланып, ол туралы терең талдау жасалды. Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу танымын арттыратын мәтіндер мәселесі де қарастырылды және мәтіндерді іріктеу, жүйелеу, оларға қойылатын талаптар ескеріліп, талдау үлгілері көрсетілді. Жалпы сабақта оқутанымдық мәтіндердің қолдану жолдары ұсынылды.

Кілт сөздер: оқутаным, танымдық әрекеттер, мәтін, тұлғааралық қатынастар.

Таным - адамдардың нәтижеге бағытталған шығармашылық әрекеттерінің үрдісі. [1.215]. Ол үшін әр оқушының жас ерекшелігін, жеке бас қасиеттерін, мүмкіндіктерін, қабілеттерін ескерген жөн. Таным зейін, түйсік, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу, қиял секілді қабілеттерден тұрады:

Зейін дегеніміз - сананың нақты бір затқа, құбылысқа немесе іс-әрекетке бағытталуы және шоғырлануы. Зейін тұрақты болса, оқушы соғұрлым берілген мәтін мазмұнын түсініп, нақты ақпарат ала алады. Кез келген ақпаратты қабылдау зейіннің дұрыс шоғырлануынан басталады.

Түйсік - қоршаған ортамыздағы заттар мен құбылыстардың сезім мүшелерге тікелей әсер етіп, адам миында сақталуы, көрініс табуы. Түйсік таным процесімен тікелей байланысты. Себебі адам таным процес арқылы қоршаған ортаны таниды. Адам дүниені ең алдымен сезім мүшелері арқылы түйсінеді.

Келесі кезекте, қабылдау сезім мүшелері арқылы жүзеге асады. Адамға тікелей әсер ететін құбылыстардың нәтижесі.

Ес – адам тәжірибесінде қабылдағаны, басынан кешкен ой-сезімі, әрекеті жоғалып кетпей, баста сақталуы, ол үнемі жаңғырып отырады.

Ойлау – таным процестерінің ішіндегі ең жоғарғы процесс. Ойлау арқылы адам дамиды, танымы кеңейеді.

Сөйлеу – пікір алысудың формасы. Сөйлеу арқылы адам ойын жеткізеді, сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түседі. Оқу таным процесінде ой алмасып, ақпарат бөліседі.

Ең соңғысы қиял – адамға ғана меншікті психикалық процесс. Бұл адамның еңбек әрекетімен байланысты. Қиялды оқушының оқу процесінде байқауға болады. Танымды арттыратын, сөздік қорын молайтатын шексіз ойлау жүйесі [2.131-234]. Демек, таным арқылы оқушы белсенділігі, көптеген жаңа ойларға, іс-әрекеттерге мүмкіндіктері ашылады. Қоршаған ортаның әсерінен үнемі даму, өсу, өзгеру процесінде болады.

Ақыл-ой тұжырымдамасы әл-Фарабидің таным теориясының негізі болып табылады. Таным алғашқы кезеңінде адамның сезім мүшелері арқылы дамиды. Содан кейін таниды, сезеді, әрекетке түседі.

Танымдық әрекет- оқушылардың терең білім алуға негізделген ақыл-ой, санасының ең жоғарғы сатысында жүзеге асатын күрделі әрекет. Бұғаноқушы мен мұғалім әрекеті тікелей байланысты, яғни оқушылардың жеке қабілеттері, мүмкіндіктері, жауапкершіліктері, айналасына көзқарасы айқын көрінеді. Сонымен қатар мұғалімнің де сабақты жүйелі ұйымдастыруы, өз пәнінің нақ шебері болуы өте маңызды. Бұл - оқу процесінде көзге көрінетін әрекет. Осындай мәселелерге өз ойын қосып, анықтама берген зерттеушілер бар. Атап айтсақ, Ж.Қараев «Танымдық іс-әрекет арқылы жеке тұлғаның мотивациясы, іс-әрекеті, белсенділігі артады» деп айтқан [3.14-17]. Демек, таным арқылы оқушы мотивация алады, жаңа бастауларға құлшыныс табады, өздерінің жеке қабілеттерін дамытады.

Оқу-танымдық әрекет оқушылардың білімін жетілдіруге, сауатын ашуға, танымын кеңейтуге бағыталады. Ол туралы әр түрлі зерттеушілердің еңбектерінен, жазбаларынан көруге болады. Ойшыл Сократ оқу-танымдық процес кезінде оқушылардың белсенділігін, жан-жақтылығын байқап, үнемі қадағалау керектігін айтты. Бұл туралы көптеген пікірлер айтқан ойшылдар, зерттеушілер де болды. Мысалы, Коменский, Я.А., Чернышевский, т.б. орыс философтары өз еңбектерінде де айтқан. Ал Дистерверг болса, оқу процесінде оқушылардың танымын кеңейтудің жолы - оқушылардың белсенділігі маңызды, сана, ақыл-ой, ми дамиды дейді [4.259] Менің ойымша, оқушы оқу танымы арқылы мектеп қабырғасында білімін нақтылап, өмірге деген көзқарасын кеңейтіп, өзін дамытады. Әр кезеңде ғалымдар оқутаным мәселесін көтеріп, оған түрлі анықтама бергені белгілі болғандай, баланың танымы оқытудың әр

кезеңінде де өзекті мәселе болғаны байқалды. Ендігі кезекте осы оқутаным құбылысының дамуы немесе қабілет ретінде арттыру мәселесін қарастырамыз. Оның ішінде оны мәтін арқылы қалай дамытуға болады деген сұрақтың төңірегінде өрбітетін боламыз.

Қазақ тілі сабағында оқу таным процесін кеңейтудің жолдары көп. Қазіргі таңда оқушылар мәтінмен көп жұмыс жасайды. Мәтіндердің түрлеріне тоқталсақ: тұтас мәтін, тұтас емес мәтін, аралас мәтін, құрамдас мәтін болып бөлінеді. Әр мәтіннің құрылымы әр түрлі, әр түрлі тапсырмалар орындап, оқушы танымына тікелей әсер етуге болады. Әр сабақта грамматикалық білімді игертуде мәтіндердің рөлі зор. Меңгертуге бағытталған тақырыпты оқушылардың қаншалықты игергенін және оны практикамен байланыстыруда түрлі мәтіндердің пайдасы көп. Оның ішінде біз сөз етіп отырған оқу танымды қабілетті арттыратын мәтіндерді әуелі іріктеп алу және оны іскерлік дағды қалыптастыру үшін іске қосу әрдайым маңызды іс. Сондықтан өз тәжірибемде жиі пайдаланып жүрген бірнеше мәтіндер мен тапсырмаларға тоқтала кетсек:

Мемлекеттік рәміздер

Мемлекеттік рәміздер - еліміздің рухын, мәдениетін, салт-санасын, арман-тілегін білдіретін ерекше қайталанбас белгілер. Рәміздерге желбіреген туымыз, Гимніміз, еңселі Елтаңба жатады. Елтаңба авторлары: Ж.Мәлібеков, Ш.Уәлиханов. Қазақта «Шаңырағың биік, керегең кең, босағаң берік болсын» деген жақсы сөз бар. Осы сөзді басшылыққа алған. Көгілдір түстің үстіне шаңырақтың бейнесі салынған. Одан жан-жаққа күн сәулесі сияқты уықтар шашырап тұр. Бұл шаңырақ көгілдір аспан астында татулықта, ынтымақтастықта тұрып жатқанымызды білдіреді. Мәтінді берудегі мақсат: оқушыларға рәміздер арқылы отандық белгілерді таныту мен отанды қастерлеуге бағыттау. Ал тапсырма шарты:

- 1) Мәтінді оқыту,
- 2) Мәтіннен тәуелдік жалғаулары бар сөздерге морфологиялық талдау жасату. Оқушылар мұндай тапсырмаларды орындау арқылы қазақ тілінің грамматикасын меңгерумен қатар, оқу- танымын кеңейтіп, шынайы өмірде дұрыс қолдануға икемделеді.

Қызыл кітап және Қазақстан қорықтары

«Қорық» сөзі өте көне, ол сонау Киев Русінің тұсында аң аулауға ең қатал әмірмен тыйым салынған жерлерді белгілеу үшін қолданылған. Қазақстан мен Орта Азияның басқа республикаларында қорықтар 1926 жылдан, ең алғаш Ақсу-Жабағылы, екінші болып, Қостанай облысының

тың бидайықты аумағында көлдерді қорғауға алынған Наурызым қорығы 1930 жылы, Іле Алатау жотасының орталық бөлігінде Алматы қорығы 1931 жылы құрылды. Төртінші қорық - Көкшетау облысының айдын көлдерін қорғауға алынған Бурабай қорығы, одан кейін Барсакелмес 1939 жылы, алтыншы Қорғалжын қорығы 1958 жылы. Келесі Марқакөл, сегізінші Үстірт қорығы 1984 жылы құрылған, ол Үстірттің батыс тік жарларының ең биігінде орналасқан. Ең соңғысы Алакөл қорығы 1998 жылы құрылды[5.8].

Оқушылар бұл мәтін арқылы Қазақстанның табиғат байлығы мен құндылығы туралы ақпарат ала отырып, мемлекеттің қорғауындағы өсімдіктер мен жануарлар туралы оқып білетін болады. Мемлекеттік қорғаудың маңызымен қатар, табиғатты, оның өмір сүруші тірі мекендеушілерін аялау, қамқорлық таныту деген құнды қасиеттерді бойларына дарытады. Тәрбиелік және оқутанымдық мәні бар мәтіндерді қолдануда әуелі оларға мазмұндық құрылымдық талдау жасатылады. Сонан соң меңгеруге бағытталған грамматикалық мәселелердің түйінін шешуге бағытталған тапсырмалармен ұштастырылады. Мысалы, 1. Мәтінді оқыңдар, мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтаңдар. 2. Сұраққа жауап беріңдер. Қорық не үшін ұйымдастырылды? Оның маңызын өз түсінігің бойынша әңгімеле. 3. Мәтін ішінен екі сөйлемді таңдап алып, синтаксистік талдау жаса.

Тапсырманың мақсаты - берілетін тапсырма түрлері олардың өмірден алған білік-дағдыларына пайымдаулар жасатуға, ой түйіндерін жүйелі сабақтауға және алған теориялық білімдерімен өмірден көрген-түйгендерін бірлікте ұштастыру.

Тапсырманың тиімділігі: оқушылардың таным деңгейі өседі, алған ақпараттарды біліктілікпен ұштастыра бірлікте қолдана біледі.

Нәтижесінде: оқушы айтар ойын жүйелі ойлап, қорыта біледі. Білімді өз бетімен алу дағдысын қалыптастырады. Сөйлемдердің танымдық мәніне зер салып, өз ойын анық жеткізе білді. Ақпараттарды белгілі бір мақсатқа пайдалана білуді үйренеді. Оқутанымдық қабілеті жетіледі. Қорыта келгенде қазақ тілі сабағында әр оқушыны жеке қалыптасушы тұлға деп санап, оқуға деген белсенділігін арттыру, қабілеттерін ашу, ой- санасына өзгерістер енгізу – оқу танымын арттырудың ең маңызды баспалдағы болып саналады. Оқу танымды арттыру тікелей мәтін құрылымына, негізгі идеясына, сұрақ түрлеріне, тапсырмалардың деңгейлігіне байланысты. Мәтін соңында орындалатын грамматикалық тапсырмалар оқушылардың тікелей оқу танымына әсерін

тигізеді. Тапсырмаларды орындау барысында «Кубизм» әдісін қарапайым сұрақ- жауап түрінде, «Блум түймедағын» сұрақтың күрделі түрлеріне қолданса, «Ара ұясы» әдісін мәтін мазмұнын мүдірмей айтқызу кезінде қолданса, «Венн диаграммасын» екі құбылысты немесе затты салыстыру мақсатында, «Топтау» әдісін мәтін бөліктеріне қарай топтау кезінде қолдануға болады. Оқушылар мәтін арқылы грамматикалық тапсырмаларды орындап, шынайы өмірде дұрыс қолдана алады. Жүйелеу, анализ:контенттік анализ, синтез әдістерін қолдана отырып, оқушылардың оқу танымын арттыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әл-Фараби, Философиялық трактаттар. Алматы. «Ғылым»,1973ж.-215б.
2. Жұмасова К. «Психология» Астана: 2010ж.-131-234б.
3. Ж. Қараев. Оқытудың компьютерлік технологиясын жасау//ИФМ, №3, 1994ж.-14-17б.
4. Дистервег А. «Избранные педагогические сочинения» - М.: Педагогика,1981ж.-259б.
5. Ковшарь А.Ф. «Қазақстан Қызыл кітабы беттерінен. Омыртқалы жануарлар» - Алматы ААҚ «Алматы кітап» 2004ж.-8б.

References

- 1 Äl-Farabi, Filosofialyq traktattar.Almaty. «Gylym»,1973j.- 215b.
- 2 Jūmasova K. «Psihologia» Astana: 2010j.-131-234b.
- 3 J. Qaraev. Oqytudyñ kömpüterlik tehnologiasyn jasau//İFM, №3, 1994j.-14-17b.
- 4 Disterveg A. «İzbrannye pedagogicheskie sochinenia» - M.: Pedagogika,1981j.-259b.
- 5 Kovşär A.F. «Qazaqstan Qyzyl kitabı betterinen. Omyrtqaly januarlar» - Almaty AAQ «Almaty kitap» 2004j.-8b.

Zhuldyz Mamyrbayeva¹

¹Ushkongyr Secondary Grammar School, Shamalgan, Kazakhstan

*e-mail: mamyrbayeva2015@mail.ru

USING TEXTS THAT ENHANCE STUDENTS' READING COMPREHENSION IN KAZAKH LANGUAGE LESSONS

Abstract: The article considers the method of using texts in the classroom as one of the problems of teaching the Kazakh language. Texts are analyzed that improve students' reading comprehension. The works of scientists were considered, the definitions of the textbook were clarified and deep analysis was carried out. The issue of texts that increase students' reading comprehension in the Kazakh language lesson is also considered, and samples of analysis, the requirements for selection and systematization of texts are taken into account. In general, the lesson offers ways to use educational texts are taken into account

Keywords: learning, cognitive activity, text, interpersonal relationships.

Жулдыз Мамырбаева¹

¹Ушконгырская средняя гимназия, Шамалган, Казахстан

*e-mail: mamyrbayeva2015@mail.ru

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕКСТОВ, ПОВЫШАЮЩИХ ЧИТАТЕЛЬНЫЕ ЗНАНИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация. В статье рассматривается метод использования текстов на уроках как одна из проблем обучения казахскому языку. Анализируются тексты, которые улучшают понимание прочитанного учащимися. Были рассмотрены работы ученых, уточнены определения учебника и проведен глубокий анализ. Также рассмотрен вопрос о текстах, повышающих понимание прочитанного учащимися на уроке казахского языка и учтены образцы анализа с учетом требований к отбору, систематизации текстов. В целом на уроке предложены способы использования учебных текстов.

Ключевые слова: обучение, познавательная деятельность, текст, межличностные отношения.

Келін түсті 12 Сәуір 2022

FTAMP 16.01.45

DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu%20bulletin.v59i2.848>

Г. Батешова^{1*}

¹Сүлейман Демирель атындағы университеті, Қаскелең, Қазақстан

*e-mail: bateshova@yandex.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Аңдатпа: Мақалада қазақ тілін оқытудағы функционалды сауаттылық мәселесі және жағдаяттық тапсырмаларды қолданудың тиімділігі баяндалады. Жағдаяттық тапсырмаларды құрастырудың жолдары көрсетіледі. Автор жағдаяттық тапсырмалар арқылы грамматикалық тақырыптарды қалай меңгертуге болатынын мысалдармен түсіндіреді. Сондай-ақ, мақалада «жағдаят» термині шетелдік философ, психолог ғалымдарының анықтамасымен түсіндіріледі.

Түйін сөздер: жағдаят, функционалды сауаттылық, жағдаяттық тапсырма, жағдаяттық мәселе, заманауи білім.

XXI ғасырдың талабына сай елімізде білім беру саласында тың өзгерістер күннен-күнге артып келеді. Орта білім берудің мазмұны өзгеріп, жаңаша көзқарастар пайда болуда. Жаңартылған білім бағдарламасы педагогтердің де, ата-аналардың да көңілінен шығып, оң бағасын беруде. Бастапқыда дәстүрлі оқудың ықпалынан шыға алмай жүрген ұстаздар да қазіргі таңда жаңаша білім беру дағдыларына қалыптасып, үйренісіп те кетті. Шәкірттерінің функционалды сауаттылығын арттыру басты орында болу керек екендігін ұқты. Функционалды сауаттылық ұғымын таратып айтар болсақ, оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс өмірде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Яғни орта білім беру мектептерінде республикамыздың зияткерлік қабілеті қалыптасқан, рухани тұрғысынан дамыған, бүгінгі жаһандану заманында көштен қалмай ілесіп отыратын азамат етіп тәрбиелеу. Сондай-ақ мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайтып, қолданыс аясын кеңейтуде білім беру саласындағы жаңалықтардың маңызы зор. Қазақ тілі сабағында қолданып жүрген

қазіргі оқу тапсырмалары мен әдіс-тәсілдеріміз дәстүрлі оқыту жүйесінен біршама өзгеше, оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыруға бағытталған тапсырмалардың түрлері де өте көп. Соның бірі – қазақ тілі сабағында қолданылатын жағдаяттық тапсырмалар.

Жағдаяттық тапсырмалар пәндік білім арқылы оқушыларға өмірлік мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Заманауи білім беру сапасы оның нәтижелері мен нәтижелерге қол жеткізу үшін жасалған жағдайлардың сапасы арқылы өлшенеді.

Жағдаяттық тапсырмалардың негізі – жағдаят деп алсақ, бір қарағанда қарапайым болып көрінетін «жағдаят» термині - жұмбағы шешілмеген терең ұғым. Философиялық еңбектерде жағдаят дегеніміз – байланыстың, қызметтің уақыттық-кеңістік шарттарының субъективтілік және объективтілік бірліктері деп беріліп, тұлғаның әлеуметтік таратушысы, нақты бір мәдениеттің, дамыған даралықтың өкілі ретінде қарастырылады. Неміс философы К.Ясперс жағдаяттарды жалпы және жалқы деп жіктеп, біріншісіне әр адамның басынан өтетін қуаныш, қайғы, қасіреттерді, екіншісіне бір ізді есепке алу жолдары жоқ, әр жағдаяттың өзіне тән жұмбақ фактілер жиынын жатқызады [1,520].

Д.Магнуссон әртүрлі деңгейдегі жағдаяттарға талдау жасап, талдау бірліктерінің арасындағы нақты шектің жоқтығын көрсете келіп, жағдаяттарды идеологиялық, әлеуметтік, мәдени деп бірнеше типтерге жіктеп, оның 5 түрлі факторларын ажыратады: оңды және толықтырушы, кері тартушы, жігерлендіруші, әлеуметтік өзара байланыстырушы, белгісіздік[2,416].

Сонымен, жағдаятты шешу біріншіден, фактіні айқындаумен, екіншіден, өзіндік бекемнің пайда болуымен, үшіншіден, жағдаяттың не екендігін түсінумен сипатталады.

К.Левин еңбектерінде жағдаят жалпы өмірлік жағдаяттарға да, жеке әп-сәтте болатын жағдаяттарға да қатысты делінген. Осы тұрғыдан алғанда автор жағдаят мәнін нақты бір сәттегі мінез-құлықты сипаттайтын барлық фактілер жинағын «психологиялық өмір кеңістігі» терминін пайдалана отырып түсіндіреді.

Жағдаяттық тапсырмалар оқушылардың мынадай қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді:

- логикалық ойлауы дамиды;
- сөздік қор, тіл байлығы молаяды;
- танымдық қызығушылығы артады;
- ізденімпаздық қасиеті жоғарылайды;

Сонымен қатар, жағдаяттық тапсырмалар орындау арқылы оқушының

бойында мынадай дағдылар қалыптасады:

- өзекті мәселені табуға талпынады;
- мәселені шешудің балама жолдарын қарастырады;
- ақпараттарды сұрыптайды;
- тез ойлауға, терең ойлауға машықтанады;
- нақты шешім қабылдауға үйренеді;
- санадағы ойды зерделей біледі;

Көне Қытай философиясында Конфуцийден қалған «Маған айтып берсең, ұмытып қаламын, көрсетсең, есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң, үйренемін!» деген тұжырым бар. Жағдаяттық тапсырма беру арқылы мұғалім балаға ой тастайды, бала өз деңгейіне, аялық біліміне сай ықтимал жауап береді. Демек, оқушылар жағдаяттық тапсырмаларды орындағанда, ең бастысы оның өз бетінше жасаған әрекеті қалады екен.

Қазақ тілі сабағында жағдаяттық тапсырмаларды топтық, жұптық, жеке тапсырма ретінде де беруге болады. Мұндай тапсырмаларды жеке орындағаннан гөрі топта немесе жұптасып орындау балалардың тиімді, дұрыс шешім шығаруына септігін тигізеді.

Мақалада өз тәжірибеде қолданылған қазақ тілі сабағындағы жағдаяттық тапсырмалардың түрлері мен жүзеге асырылған технологиялардың тиімді тұстарын көрсетпекпін. Жағдаяттық тапсырмаларды құрастырудың мынадай түрлері бар:

1. Күнделікті өмірде болуы мүмкін жағдаяттық оқиғалар негізінде сұрақтар құрастыру. Адам баласы өмірде түрлі (екі ойлы, күмәнді, ыңғайсыздық тудыратын, қиындықтан шығу т.с.с) жағдайларға тап болыпжатады. Сондай кезде «не істеу керек?» деген сұрақ туындайды. Қазақ тілісабағында өтіліп жатқан тақырып төңірегінде жағдаяттық сұрақ өрбіту – мұғалімнің шеберлігі. Мәселен, 8-сыныпта өтілетін «Көне түркі жазбалары баға жетпес құнды байлық» тақырыбына байланысты мынадай жағдаяттық тапсырма құрастыруға болады: «Сенің үйіңе шетелдік азаматтар қонаққа келді. Олар Қазақстанның тарихи мәдениеті туралы білгісі келді. Сен оларға қандай ақпарат бере аласың?»

Жағдаяттық тапсырмаларды шешендік сөздер, аңыз әңгімелер, ертегілердің мазмұнынан алып, жағдаяттық оқиға желісі бойынша **оқушыларға ой тастау.** Оқушының берген жауабын шығармадағы автордың шешімімен салыстыру. Мәселен, Сырым мен Малайсары арасындағы диалогтан мынадай бір үзіндіні алып, оқушыларға жағдаяттықтапсырма беруге болады. «*Сырым жисырма алты жасында*

бір жолдасымен Нұралы ханның үйіне барса, Қараман тана Малайсарымен сөйлесіп отыр екен.

- Балалар, аман ба? - депті де, елемей өздері сөйлесе берінті. Сырым жолдасына дауыстап:

- Жұр, кетейік, бұлар бізді адам деп отырған жоқ қой! - дейді.

Малайсары жалт қарап:

- Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, Ана тұрып қыз сөйлегеннен без. Сырнайдай сарнаған мына бала кім еді? - дейді...» Сонда сендер Сырымның орнында болсаңдар қалай жауап берер едіңдер?

Мұндай тапсырманы орындау арқылы оқушы шешендік сөзді есінде сақтап қана қоймайды, мәтін мазмұнындағы даналық сөздермен сөздік қорларын да байытады.

2. Мәтіннің кіріспесін қызықты оқиғамен бастап, жалғастыруды талап ету. Тапсырма оқушының шығармашылық қабілетін оятып, танымдық білімін арттырады. Оқушы оқиға желісін дамытып, көркем мәтін құруға талпынады. Мысалы, «Түн. Айнала жым-жырт. Үй іші шыртыққыда. Терезеден ақ жауынның тырсылы естіледі. Кенеттен...»

3. Қандай да бір мәселені сурет, сызба немесе кесте түрінде шешуді тапсыру. Мұндай тапсырманы да мұғалім сабақтың тақырыбына немесе оқу мақсатына орай түрлендіріп беруіне болады. Оған мысал ретінде 8- сыныптың қазақ тілі оқулығындағы «Логистика туралы не білеміз?» тақырыбы бойынша берілген 5-тапсырмадағы жағдаяттық тапсырманы келтіруімізге болады. «Сен логист болып жұмысқа орналастың. Ресейлік тұтынушыдан киіз үйге тапсырыс түсті. Киіз үйді алу мен тұтынушыға жеткізуге дейінгі аралықтағы барлық процесті ұйымдастырудың кезеңдік сызбасын жаса» [3,77].

4. Қазақ тілі сабағында пікірталас (дебат, диспуд) ойындары арқылы жағдаяттық мәселе көтеру. Көбінесе сыныптағы оқушыларды топтастыру арқылы жүзеге асырылады. Топтар арасында белгілі бір мәселе жөнінде ойды, пікірді, жобаны қолдану не жоққа шығару сипатында жүргізіледі. Пікірталас қарама-қарсы көзқарастардың қақтығысын қамтамасыз ететін ережелердің болуымен ерекшеленеді. Екі тарап өз позицияларын дәлелдеп қана қоймай, сонымен қатар, өз шешу жолдарын ұсынуы да тиіс. Талқыға салынатын тақырып екі жақты әділетті болғаны дұрыс. Мысалы, бір топ «Білім – өмір шырағы» дегенді ақтап шықса, екінші топ «Білім – адамзаттың қас жауы болуы мүмкін» дегенді дәлелдеуге тырысады.

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың тілдік нормаларды дұрыс меңгеріп, сауатты сөйлеп, сауатты жазу дағдысын игеруі де маңызды. Бұл тұрғыда жағдаяттық тапсырмаларды екі түрлі жолмен үйлестіруге болады. Оның бірі – жағдаяттық тапсырманың жауабын грамматикалық тақырыптармен байланыстырып беруді талап ету. Екіншісі – тапсырманың өзін тілдің дыбыс жүйесі, сөз мағынасы, тілдің грамматикалық заңдылықтары аясында жасауға болады. Сондай тапсырманың бірі ретінде көз алдымызға мына жағдаятты елестетіп көрейік: «Саған үш жыл бойы шетелде оқу бақыты бұйырды. Ата-анан, бауырларың, туған жеріңнен жырақта жүру сен үшін таңсық жағдай. Үш жылдан кейінгі елге оралғандағы көңіл күйіңді одағай сөздерін қолданып жеткізіп көр». Оқушы жауап берерде рөлге еніп, елге, туған жерге деген сағыныш сезімін білдіру үшін одағай түрлерін есіне түсіріп, орынды қолдануды қарастырады. Келесі бір тапсырманы мынадай үлгіде берсек:

Берілген сөйлемдерді бір сөзбен қалай атауға болады?

1) *Тілімізге ертеректе еніп, қалыптасып кеткен сөздердің сіңісіп кеткені соншалық, оларды аңғару қиын.*

2) *Өткен өмір шындығын шынайы тұрғыдан суреттеу үшін керек.*

3) *Тың кезінде болады, уақыт озған сайын бұрыннан бар сөз сияқты болып ұғынылады.*

4) *Ғылым мен техниканың белгілі бір саласын меңгеру үшін сол салағатән сөздердің мағынасын түсіну қажет.*

5) *Негізгі қасиеті – тиянақтылық. Сөздері бекем орынға ие. Сөздердің орны тұрақты.*

6) *Халықтың ақыл-ойын, тапқырлығын, даналық қорытындыларын байқауға болады.*

Мұндай тапсырмаларды орындаған оқушы тіліміздің бай сөздік құрамы мен сөздік қоры туралы түсінік алады. Тіліміздегі әр сөздің табиғатын тереңінен түсінудің мәнін ұғады. Өзі де тіл білімінде берілген ғылыми анықтамаларды өз сөзімен қорытып, грамматикалық ұғымдардың өмірге де қажет екенін түсінеді.

Жағдаяттық тапсырмалардың өзіндік ерекше тұстары бар. Қазіргі заманауи зерттеушілердің (О.Акулова, С.А.Писарева, Е.В.Пискунова) пайымдауынша, жағдаяттық тапсырмалар оқушының функционалды сауаттылығын арттыруда маңызды ресурс болып табылады. Себебі оқушы білімді тәжірибе жасау арқылы алады. Тапсырмадағы жағдаят – шынайы қоғамда болып жатқан үдеріс. Өмірде оқушы тұрмақ, ондай жағдаятпен мұғалімнің өзі де кездеспеген болуы мүмкін. «Мұндай жағдайларда

мұғалім мен оқушы тапсырманы бірігіп шешуге ұмтылады. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас «тұлға мен тұлғаға» ауысады. Яғни, мұғалім тапсырманың жауабын білуші ретінде емес, көмекші сипатында көрінеді» [4,96]

Л.С.Выготский оқушылар өздерінің «Жақын арадағы даму аймағында» (ЖАДА) жұмыс істесе, танымдық дамудың жақсаратындығын атап көрсеткен. ЖАДА оқушы дамытатын дағды мен қабілеттер, өз бетімен жасай алмайтын тапсырмалар көлемін айқындайды. Бұл тапсырмаларды орындауда оқушыларға жаңаны үйренуде тірек болатын ересектердің көмегі немесе қолдауы керек. Бұл қолдау қарым-қатынасты қамтиды және де Выготский бұл жағдайда оны оқытудың негізгі құралы деп есептейді [5,71]

Функционалды сауатты оқушы дегеніміз орта білім алу барысында өмірде кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады. Басқаша айтқанда, функционалды сауаттылық - оқушының жеке тұлғасының әлеуметтенуіне оң ықпал ететін басты тірек. Өз сабағына үнемі ізденіспен, жоғары дайындықпен келіп, түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану – қазіргі заманауи ұстаздарға қойылып отырған міндет. Ю.К.Бабанский: «Сапаны арттыру – нақты жағдайдағы кез келген шешімнің ең тиімді нұсқасын таңдау» - деп көрсеткен. Сондықтан да қазақ тілі сабағында оқушының функционалды сауаттылығын арттырып, сапалы білім беру үшін жағдаяттық тапсырмалардың алатын орны ерекше. Оны қандай жолмен құрастыру, қандай тиімді әдіспен қолдану қажеттігі әрбір ұстаздың еншісінде.

Сонымен, қазақ тілін оқытуда білім алушылардың функционалды сауаттылығын арттыруға бағытталған білім мазмұнын меңгерген оқушы –білім, білік дағдыларын өмірлік қажеттілігіне қолдана білуді, жан-жақты ақпарат көздерімен жұмыс істей алуды, өмірлік мәселелерді сыни тұрғыдан бағалап, дұрыс басқара алу қабілетіне ие болған тұлға.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ясперс К. Духовная ситуация времени. – Москва: Политиздат.,1991. – 520 с.
2. Магнуссон К. Психология ситуации. – Санкт-Петербург: Питер, 2001. – 416 с.
3. Ермекова Т.Н., Ерхожина Ш.Л., Тоқбаева А.Е. «Қазақ тілі»

- оқулығы. 8-сынып. Арман-ПВ, 2018. – 77 б.
4. Акулова О.В., Писарева С.А., Пискунова Е.В. Конструирование ситуационных задач для оценки компетентности учащихся: Учебно-методическое пособие для педагогов школ. – СПб.: КАРО, 2008. – 96 с.
 5. «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 71 б.

References

1. İaspers K. Duhovnaia situasia vremeni. – Moskva: Polit izdat.,1991. – 520 s.
2. Magnusson K. Psihologia situasii. – Sank-Peterburg: Piter, 2001. – 416 s.
3. Ermekova T.N., Erhojina Ş.L., Тоқбаева А.Е. «Qazaq tılı» oqulyғы. 8-synyp. Arman-PV, 2018. – 77 b.
4. Akulova O.V., Pisareva S.A., Piskunova E.V. Konstruirovanie situasionnyh zadach dlä osenki kompetentnosti uchaşihsä: Uchebno-metodicheskoe posobie dlä pedagogov şkol. – SPb.: KARO, 2008. – 96 s.
5. «Pedagogikalyq qoғamdastyqtaғы müғalım köşbassыlyғы» QR pedagog qyzmetkerleriniñ biliktılıgın arttyru baғdarlamasy. Müғalımge arnalған nūsqaulyq. Pedagogikalyq şeberlik ortalyғы, 2016. – 71 b.

Gulzhazira Bateshova¹

¹Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

*e-mail: bateshova@yandex.ru

IMPROVING FUNCTIONAL LITERACY OF STUDENTS THROUGH SITUATIONAL TASKS IN KAZAKH LANGUAGE EDUCATION

Abstract: The article describes the problem of functional literacy in teaching the Kazakh language and the effectiveness of using situational tasks. There are shown some ways to create situational tasks. The author explains with examples how to master grammatical topics through situational tasks. Also in

the article, the term "situational" is explained by the definition of foreign philosophers and scientists-psychologists.

Keywords: situation, functional literacy, situational task, situational problem, modern education

Гулжазира Батешова¹

¹Университет имени Сулемана Демиреля, Каскелен, Казахстан

*e-mail: bateshova@yandex.ru

ПОВЫШЕНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ ЧЕРЕЗ СИТУАЦИОННЫЕ ЗАДАЧИ ПРИ ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

Аннотация: В статье излагается эффективность использования ситуационных заданий при обучении казахскому языку, указываются способы составления ситуационных заданий. Автор на примерах объясняет, как с помощью ситуационных заданий можно освоить грамматические темы. Также в статье термин «ситуация» был объяснен определением зарубежных ученых-философов, психологов.

Ключевые слова: ситуационная, функциональная грамотность, ситуационная задача, ситуационная проблема, современное образование.

Келін түсті 12 Ақпан 2022

Сайтбеков Н.,^{1*} Абдрахманов М.,¹ Ханафия Ж.,¹ Даулет А.¹ Сайтбекова А.²

¹Сүлейман Демирель атындағы университеті, Қаскелең, Қазақстан

² Айгерім клиникасы, Ақтөбе, Қазақстан

*e-mail: nurbol.saitbekov@sdu.edu.kz

14-15 ЖАСТАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЭМОЦИОНАЛДЫ ЖӘНЕ ФИЗИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДЕНЕ БЕЛСЕНДІЛІГІ

Андатпа. Бұл мақалада негізгі бағыт ретінде қоғамның қазіргі қалыптасу деңгейі оқушылардың дене дайындығы дамуы мен денсаулығын сақтау сияқты ғылыми мәселелермен тығыз байланысты. Әлеуметтік-қаржылық қалыптасудың мұндай саясаты жасөспірімдердің дамуына әсер етеді, бұл олардың ішкі, психологиялық және физикалық денсаулығындағы терең өзгерістерге әкеледі. Психоэмоционалды мектеп оқушыларының күйіндегі дене дайындығы белсенділік ұғымы бізге физикалық денсаулықтың мәнін және жүрек-тамыр жүйесінің, психоэмоционалды жағдайдың және дене белсенділіктің жағдайын қамтитын жасөспірімдер денесінің физикалық белсенділігін қамтамасыз ету шарттарын мүмкіндігінше сапалы және практикалық түрде көрсету жолдарын көрсетеді.

Түйін сөздер. Дене шынықтыру сабақтары, дене белсенділігі, танымдық дербесітік, физикалық жағдайы, эмоционалды күйі.

Кіріспе. Оқушылардың дене дайындығы белсенділігінің қазіргі жағдайы төмен деңгейде, бұған әртүрлі факторлар ықпал етеді, сондықтан оқушылардың денсаулығын қамтамасыз етуге және сақтауға көп көңіл бөлу керек. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы соңғы жылдары барлық морфо-функционалдық көрсеткіштер 34.2% - ға нашарлағанын атап өтуге болады. Нашарлауға келесі факторлар ықпал етті: қоршаған ортаның нашар экологиялық жағдайы, дұрыс тамақтанбау, психологиялық факторлар, отырықшы өмір салты, гаджеттердің әсері. Дене дайындығының қалыптасу адам денсаулығының жай-күйін бағалаудағы басты критерийлердің бірі болып табылады. Дене дайындығы дамудың көпжақты және үйлесімді, орташа, шамалы анықталған,

қанағаттанарлықсыз және жаман болуы мүмкін. Сондықтан физикалық даму-бұл басқаруға рұқсат етілген процедура, бұл жағдайда оны белгіленген тәртіппен бағыттауға рұқсат етіледі (қимылды, дене сымбатын жетілдіру, адамның жеке тұжырымдамаларының көп функциялы дәрежесін арттыру). Оқушының дене дайындығы жағдайы айтарлықтай деңгейде оның қимыл белсенділігімен анықталады. Дене белсенділігімен үнемі айналысатын жасөспірімдер физикалық және психикалық жағдайы дене дайындығы белсенділігінен айналыспайтын құрдастарына қарағанда әлдеқайда жақсы [1].

Біздің ойымызша, психоэмоционалды жағдай дене дайындығы жағдайын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Себебі адам ағзасының барлық көрсеткіштері, оның ішінде физикалық жағдайы мен оның даму деңгейі психоэмоционалды жағдайға байланысты. Дене дайындығы белсенділігі мен психоэмоционалды жағдайдың ерекшеліктері бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне тәуелді, бұл біздің зерттеуімізде көрсетілген.

Мақсаты: жасөспірімдердің дене, психоэмоционалды жағдайын және олардың дене дайындығы белсенділікке тәуелділігін зерттеу.

Зерттеу міндеттері:

- жасөспірімдердің дене дайындығы жағдайын, физикалық белсенділігі мен психоэмоционалды жағдайын анықтаудың заманауи тәсілдері мәселелері бойынша деректерді қорыту;
- жасөспірімдердің физикалық белсенділігін, дене дайындығы және психоэмоционалды жағдайын зерттеу және бағалау;
- дене дайындығы белсенділіктің жасөспірімдердің физикалық дамуына, психоэмоционалды және физикалық жағдайына әсерін анықтаңыз.

Нәтижелер мен талқылаулар: Антропометриялық көрсеткіштерді зерттеу нәтижелері В қосымшасында келтірілген. Зерттеу барысында алынған көрсеткіштерге сүйене отырып, біз жасөспірімдер көрсеткен орта және сигма шамаларын шығардық. (кесте 1.)

Кесте 1. Антропометриялық көрсеткіштер (орташа шамалар)

Көрсеткіштер	Салмағы	Өсуі	Систолалық қан қысымы	Диастолалық артериялық қысым	Жүрек соғу жиілігі / 1 мин
S	51,73	165,7 3	124	68	79,20
σ	0,30	0,25	0,14	0,16	0,32

- САҚ (систолалық артериалдық қысым).
- ДАҚ (диастолалық артериалдық қысым).

ДДСҰ мәліметтері бойынша барлық көрсеткіштер қалыпты, бұл жасөспірімдердің денсаулығының жақсы жағдайын көрсетеді. Дене салмағының индексі адамның салмағы артық, жеткіліксіз немесе қалыпты екенін анықтауға мүмкіндік беретін бет пен салмақтың өсу арақатынасының деңгейін көрсетеді.

Дене салмағының индексі көрсеткіші ағзадағы майдың қорын дәл көрсетеді, сонымен қатар оның артық мөлшері туралы және семіздік салдарынан пайда болатын аурулар туралы уақтылы хабарлауға мүмкіндік береді[2].

Дене салмағының индексінің нәтижелері бойынша 15 жасөспірімнің тек 1-і қалыпты салмақ қатынасына ие, ал қалған 14 жасөспірімнің салмағы аз. Орташа алғанда, дене салмағының индексі 18,83 құрайды. Зерттеу нәтижелері қосымшада көрсетілген.

Көрсеткіштердің арақатынасын Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған дене салмағы индексінің көрсеткіштерімен салыстырдық.

Дене тәрбиесі бойынша мемлекеттік бағдарлама тесттерін зерттеу нәтижелері.

Дене тәрбиесінің мемлекеттік бағдарламасының тестілері бойынша дене шынықтыруды зерттеу В қосымшасында келтірілген, нәтижелер көрсеткіштерінің орташа мәні мен қателігі көрсетілген (кесте 2.) нәтижелері оқушылардың тест бойынша;

- отыру қалпында алға еңкею (икемділік) орта есеппен 8,84 см көрсетті, бұл осы жас санаты үшін орташа көрсеткішке тең;
- тартылу (күш) орташа есеппен 8,47 рет көрсетті, бұл орташа көрсеткішке тең;
- орнынан ұзындыққа секіру (жарылыс күші) орташа есеппен 1,94 м көрсетті, бұл жеткілікті деңгей;
- 1500 м жүгіру (төзімділік) орташа есеппен 6,99 минутты көрсетті, бұл жеткілікті деңгей.

Талдау "мемлекеттік сынақтар мен еліміздегі президенттік тест дайындығын бағалау стандарттары туралы" бекітілген стандарттарға сәйкес жасалды.

Кесте 2. Дене тәрбиесі жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның тестілері (орташа шамалар)

Көрсеткіштер	Дене сынамалары			
	Икемділік	Тартылу	Орнынан ұзындыққа секіру	Жүгіру - 1500м
S	8,84 см	8,47 разів	1,94 м	6,99 мин
σ	1,25	0,34	0,13	0,54

Баевскийдің функционалдық жағдайының индексі.

Алынған антропометриялық көрсеткіштердің нәтижелері негізінде біз Баевскийдің әдістемесін қолдандық, атап айтқанда функционалды күй индексін анықтадық. Нәтижелер көрсеткіштерінің орташа және орташа мәні көрсетілген (кесте 3).

Баевскийдің функционалдық өзгерістер индексінің нәтижелері бойынша барлық жасөспірімдер қанағаттанарлық бейімделу әлеуетіне ие, ол орташа есеппен 1,73 құрайды. зерттеу нәтижелері Е қосымшасында келтірілген.

Кесте 3. Баевский индексі (орташа мәні)

Көрсеткіштер	Баевский Индексі
S	1,73
σ	0,47

Гемодинамика элементтерінің көп функционалды рефлекторлық пайдалылығын анықтау үшін ортостатикалық тексеру қолданылады. Ортостатикалық тест адам денесінің көлденеңінен тік күйіне перифериялық қан айналымының аппараттық реттелуін анықтауға мүмкіндік береді.

Ортостатикалық сынақтың нәтижелері А қосымшасында келтірілген, ортостатикалық тексерудің негізгі шарты гравитациялық өріс болып табылады, ол адамның басынан аяғына дейін жүктеме принципі бойынша 1 g әрекет мөлшерінде адам ағзасына жүктеме береді.

Сынақ кезінде дененің позициясы өзгереді және қан ауырлық күшімен түбіне түсе бастайды, нәтижесінде басына қан жеткізу нашарлайды. Нәтижелер көрсеткіштерінің орташа және орташа мәні көрсетілген (кесте 4.)

Ортостатикалық сынама нәтижелері бойынша тестілеу уақыты бойынша орташа көрсеткіш:

Кесте 4. Ортостатикалық сынама (орташа мәні)

Көрсеткіштер	I 1м	II (1-мин)	1 мин айырмашылығы	III (1-мин)	I және III өлшемдердің айырмашылығы
S	54,60	73,33	18,73	56,33	5,85
σ	0,45	0,56	0,34	0,38	0,23

Зерттеудің бұл нәтижелері барлық жасөспірімдер орташа есеппен 5,85 қалыпты көрсеткіштермен сипатталатынын және тестілеу регламентінің нормасы болып табылатындығын көрсетеді.

Руфье сынамасын зерттеу нәтижелерін талдау

Руфье сынамасы арқылы физикалық жағдайды зерттеу нәтижелерінен көріп отырғанымыздай, ортостатикалық сынама және оқушыларды денсаулық жағдайы бойынша медициналық топтарға бөлу бізбен бірге қосымшада денсаулық жағдайы бойынша негізгі топқа жататын жасөспірімдер Руфье сынамасының қалыпты көрсеткіштерімен сипатталады, олар орташа есеппен (5.78) құрайды, ортостатикалық сынаманың көрсеткіштері де сәйкес келеді нормаға (5,85) сәйкес келеді, бұл жасөспірімдердің функционалдық жағдайының жеткілікті деңгейімен расталады, яғни оларда дене шынықтырумен айналысуға қарсы көрсетілімдер жоқ және барлық балалар дене шынықтыру бағдарламасын орындай алады.

Зерттеу барысында алынған көрсеткіштерге сүйене отырып, біз орта және Сигманы шығардық (кесте 5.).

Кесте 5. Руфье сынамасы (орташа мәні)

Көрсеткіштер	Руфье Сынамасы
S	5,78
σ	0,17

Үш сынаманың нәтижелерін салыстыру сәйкес келеді, бұл физикалық жағдайды анықтау кезінде Руфье сынамасы мен ортостатикалық сынаманы пайдаланудың ақпараттылығын көрсетеді. Руфье индексінің зерттеу нәтижелерін есептей отырып, орташа балл (5.78) жасөспірімдердің физикалық жағдайының орташа деңгейін құрайды.

Барлық студенттердің ортостатикалық сынамасының көрсеткіштері бойынша вегетативті жүйке жүйесінің симпатикалық бөлігінің реактивтілік деңгейі орташа деңгейде, бұл авторлардың пікірінше олардың физикалық жағдайының деңгейін көрсетеді.

ПРАQ және MET сауалнамасы арқылы физикалық белсенділікті зерттеу нәтижелері

Адамның физикалық белсенділігі оның өмірінде маңызды рөл атқарады. Ол әлемнің барлық өркениетті елдерінде зерттелуде.

Дене белсенділігінің жеткіліксіздігімен және бірқатар аурулардың дамуымен тікелей байланыс дәлелденді. Физикалық белсенділік нәтижелері бар хаттама G қосымшасында келтірілген, нәтиже көрсеткіштерінің орташа мәні мен қатесі көрсетілген (кесте 6).

Көрсеткіш	Бір аптадағы физикалық белсенділік				
	Жоғары белсенділік аймағы	Орташа белсенділік аймағы	Төмен белсенділік аймағы	Белсенділігі жоқ аймақ	MET
S	83,13 мин	113,93 мин	125,13 мин	15,60 жыл	3788
σ	0,24	0,21	0,26	0,34	0,35

Ескерту: MET-физикалық жұмыс кезінде энергия тұтынуды көрсететін көрсеткіш

Біз жасөспірімдердің физикалық белсенділігін төрт қарқындылық аймағында анықтадық (орташа);

1. Дене белсенділігі жоғары аймақ - 83,13 мин (жақсы);
2. Орташа физикалық белсенділік аймағы-113,93 мин (жақсы);
3. Дене белсенділігі төмен аймақ-125,13 мин (жақсы);
4. Дене белсенділігі жоқ аймақ - 15,60 мин (жақсы).

Деректерді өңдеу есептелген MET (metabolic equivalent of task) - физикалық жұмыс кезінде энергия тұтынуды көрсететін көрсеткіш ретінде болжанады. Нәтижелер д қосымшасында келтірілген, орташа есеппен MET көрсеткіші – 3788 (жоғары) құрайды.

Профессор Н. С. Полка физикалық белсенділіктің зерттеулері мен алынған көрсеткіштеріне сәйкес физикалық белсенділіктің жағдайы жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Қарқындылық аймақтары бойынша бөлу де табиғи сипатқа ие.

М. Люшер тесті бойынша психоэмоционалдық жай-күйді зерттеу жұптарының іріктемесін талдау (хаттама И қосымшасында берілген) мынаны көрсетті:

№1: қолайсыз жағдайларға байланысты мазасыздық, стресс бар. Түрлі-түсті жұптардың түсіндірмесі бойынша +4+3 (сары және қызғылт-қызыл). II жұп-х1х7 (көк және қара). III жұп - =6 = 5 (қоңыр және күлгін). IV жұп- -2-8 (жасыл және сұр). Ауыр қақтығыс болған жоқ.

№2: ол бірінші орынға қосымша түстер қойды, ал соңғысы – негізгі, Бұл бізге осы оқушының жанжал, мазасыздық орны бар екенін растауға мүмкіндік береді. Түрлі-түсті жұптардың түсіндірмесі бойынша біз жұп + 7 + 8 (қара және сұр) екенін көреміз. II жұп-х6х2 (қоңыр және жасыл). III жұп - =1 = 5 (көк және күлгін). IV-ші жұп- -3-4 (қызыл және сары). Қызметтің өнімділігі мен өнімділігі төмендейді, оны тандалған позициядан күту керек. Екі позицияда өте күрделі қақтығысқа орын бар.

№3: бұл баланың мазасыздыққа немесе елеулі жанжалға орын жоқ. Бірақ жоғары өнімділік көрсеткіштері бар, өйткені оның алдыңғы қатарында сары және жасыл түстер бар, бұл бізге осыны көрсетеді. Жұп бойынша түсіндіру: және-А жұбы- +4+2 (сары және жасыл). . II жұп-х1х3 (көк және қызғылт-қызыл).

III жұп - =5 = 7 (күлгін және қара). IV жұп- -6-8 (қоңыр және сұр). Ауыр қақтығыс болған жоқ.

№4: бұл оқушының мазасыздыққа және Елеулі жанжалға орны жоқ. Жоғары өнімділік көрсеткіштері бар, өйткені оның алдыңғы қатарында Қызыл және сары түстер бар, бұл бізге осыны көрсетеді. Жұп бойынша түсіндіру: және-А жұбы- +3+4 (қызыл және сары). III жұп- =1 = 8 (көк және сұр). IV жұп-7-6 (қара және қоңыр). Ауыр қақтығыс (кесте бойынша Люшера) бұл жасөспірім жоқ. Өтемақы орны.

№5: қолайсыз жағдайларға немесе кез-келген жанжалға байланысты, бұл баланың мазасыздығы, тыныштықтың болмауына қанағаттанбауы және т.б., бірақ төмен белсенділік болса да, жұмыс қабілеті де бар. Түс жұптарын түсіндірудің артында бізде келесі сипаттама бар: және-және жұп- +1+8 (көк және сұр). II жұп-х7х4 (қара және сары). III жұп - =3 = 6 (қызыл және қоңыр). IV жұп- -2-5 (жасыл және күлгін). Ауыр қақтығыс болған жоқ (Люшердің артында).

№6: бұл оқушының мазасыздыққа және Елеулі жанжалға орны жоқ. Және-А жұбы + 2 + 5 (жасыл және сары). II жұп х2х6 (жасыл және қоңыр). III-ші жұп - =8 = 7 (сұр және қара). IV жұп- -1-4 (көк және сары). Ауыр қақтығыс болған жоқ (Люшердің артында).

№7: бұл оқушының мазасыздық пен жанжалға орын жоқ. Және-А жұбы + 4 + 1 (сары және көк). II жұп $x3x5$ (қызыл және күлгін). III жұп $- = 2 = 7$ (жасыл және қара). IV жұп $- -6-8$ (қоңыр және сұр). Ауыр қақтығыс болған жоқ.

№8: бұл баланың мазасыздығы бар, тыныштық жоқ. Және-А жұп $+7 +2$ (қара және жасыл). II жұп $- x4x8$ (сары және сұр). III жұп $- =5 = 6$ (күлгін және қоңыр). IV жұп $- -1-3$ (көк және қызғылт - қызыл). Өтемақы орны.

№ 9 :бұл жасөспірім үшін екінші қатардағы 1-ден 2-ге дейінгі қатынас (негізгі түстер) сияқты сипаттама бар, бұл қанағаттанбауды, стрессті, мазасыздықты, тыныштықты, сүйіспеншілікті білдіреді. Жұп бойынша түсіндіру, және жұп $+3+8$ (қызғылт-қызыл және сұр). II жұп $- x6x4$ (қоңыр және сары). III жұп $- =7 = 5$ (қара және күлгін). IV жұп $- -1-2$ (көк және жасыл). Сондай-ақ, М.Люшер құрастырған арнайы кестеге сәйкес, біз осы зерттеліп жатқан күрделі қақтығыстардың көрінісін таптық (осы қақтығыстардың себептері мен себептеріне қатысты емес).

№10: бұл жасөспірім үлкен жұмыс қабілеттілігімен және белсенділігімен сипатталады. Мазасыздық, стресс көрсеткіштері жоқ. Жұп бойынша түсіндіру: және-А жұбы $+2+1$ (жасыл және көк). II жұп $- x3x5$ (қызыл және күлгін). III-ші жұп $- =8 = 7$ (сұр және қара). IV-а жұп $- -4 -6$ (сары және қоңыр). Бұл спортшының елеулі қақтығысы жоқ, өйткені оның М.Люшердің кестесімен сәйкес келмеуі. Өтемақы бар.

№11: жасөспірім үлкен жұмыс қабілеттілігімен және өнімді жұмысымен сипатталады, өйткені оның 2-ден 1-ге дейінгі (негізгі) қатынасы алдыңғы қатарда тұр. Және-А жұп $+4+8$ (сары және сұр). II жұп $- x2x1$ (жасыл және көк). III жұп $- =3=5$ (қызғылт-қызыл және күлгін). IV жұп $- -7-6$ (қара және қоңыр). Ауыр қақтығыс (кесте бойынша) Люшер) бұл балада жоқ. Өтемақы орны.

№12: қолайсыз жағдайларға байланысты бұл оқушының мазасыздығы, жағымсыз жағдайы, тыныштық пен сүйіспеншіліктің болмауы бар. Бірақ соған қарамастан, ол жұмыс істеуге және жоғары белсенділікке ұмтылады, өйткені оның алдыңғы қатарында негізгі түстердің 3 қатынасы бар. Және-А жұп $+7+6$ (қара және қоңыр). II жұп $- x2x3$ (жасыл және қызғылт - қызыл). III жұп $- =5 = 1$ (күлгін және көк). IV жұп $- -4-8$ (сары және сұр). Бұл зерттеушіде 7 және 6 қатынастарында Люшер кестесіне сәйкес Елеулі қақтығыс бар.

№13: бұл оқушының іс-әрекеті туралы ол жоғары өнімділікті көрсетпейді, өйткені оның алдыңғы қатарда негізгі түстер (жасыл, қызғылт

– қызыл және сары) жоқ, бұл Люшердің пікірінше, оқушының өнімді әрекет ету мүмкіндігі жоқ екенін көрсетеді. Жұп бойынша түсіндіру: және-А жұбы– +2+1 (жасыл және көк). II жұп-х7х8 (қара және сұр). III жұп - =5 = 4 (күлгін және сары). IV жұп– -6-3 (қоңыр және қызғылт - қызыл).

№14: бұл жасөспірім үлкен жұмыс қабілеттілігімен және белсенділігімен сипатталады. Мазасыздық, стресс көрсеткіштері жоқ. Және-А жұп– +2+1 (жасыл және көк). II жұп-х3х5 (қызғылт-қызыл және күлгін). III жұп - =4 = 8 (сары және сұр). IV жұп– -7-6 (қара және қоңыр). Бұл жасөспірімде Елеулі жанжал жоқ, өйткені оның М.Люшердің кестесімен сәйкес келмеуі.

№15: жасөспірімде өнімділік бар. Ол ұйқысыздыққа ие, мүмкін стресстің көзі бар, өйткені негізгі түс 8 позицияға қойылған. Және-А жұп– +4+3 (сары және қызғылт-қызыл). II жұп-х1х7 (көк және қара). III жұп - =5 = 6 (күлгін және қоңыр). IV жұп– -8-2 (сұр және жасыл). Өтемақы орны және елеулі жанжал жоқ. Дене тәрбиесі мен дене белсенділігін мемлекеттік дайындау бойынша тесттердің өзара байланысын анықтау үшін біз осы көрсеткіштер арасында корреляциялық талдау жүргіздік, нәтижелері (кесте 7).

Кесте 7. Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау.

Дене дайындығы сын.амалары	Бір аптадағы физикалық белсенділік									
	Жоғары белсенділік аймағы		Орташа белсенділік аймағы		Төмен белсенділік аймағы		Белсенділігі жоқ аймақ		МЕТ	
	г	р	г	р	г	р	г	р	г	р
Отырған кезде алға қарай еңкейу	0,35	<0,0 5	0,26	<0,0 5	-0,11	>0,0 5	-0,16	>0,05	-0,19	>0,0 5
Кермеде тартылу	0,54	<0,0 5	0,25	<0,0 5	-0,34	<0,0 5	-0,40	<0,05	-0,19	>0,0 5
Орнынан ұзындыққа секіру	0,46	<0,0 5	0,27	<0,0 5	-0,15	>0,0 5	-0,25	<0,05	0,22	>0,0 5
Жүгіру-1500	0,57	<0,0 5	0,21	<0,0 5	-0,28	>0,0 5	-0,37	<0,05	0,07	>0,0 5

Зерттелген дене дайындығы жай-күй көрсеткіштерінің корреляциялық байланыстарын талдау қатынастардың болуын көрсетті. Осылайша, икемділік көрсеткіші мен жоғары белсенділік аймағы

арасындағы әлсіз байланыс анықталды ($r = 0,35$), бұл физикалық белсенділік неғұрлым жоғары болса, икемділік көрсеткіші соғұрлым жақсы болатындығын көрсетеді. Орташа қарым-қатынас жоғары белсенділік пен тартылу аймағымен анықталды ($r = 0,54$), бұл жасөспірімдердің физикалық белсенділігі неғұрлым жоғары болса, тартылудың нәтижесі соғұрлым жақсы болатындығын көрсетеді. Орташа байланыс орнынан және жоғары қарқындылық аймағынан ($r = 0,46$) секіру сынағынан анықталды, бұл физикалық белсенділік неғұрлым жоғары болса, соғұрлым жақсы нәтиже береді. Сондай-ақ, жоғары белсенділік аймағымен және тестпен орташа байланыс табылды 1500м жүгіру бұл ($r = 0,57$), бұл нәтиже балалардың физикалық белсенділікпен неғұрлым көп айналысатындығын, атап айтқанда жоғары белсенділік аймағында, соғұрлым жақсы нәтиже көрсеткіштерін көрсетеді. олар осы тестке көрсетеді.

Икемділік көрсеткіші белсенділік аймағына байланысты өзгерген орташа физикалық белсенділік аймағымен ($r = 0,26$) әлсіз байланысты көрсетті, физикалық белсенділік неғұрлым аз болса, икемділік көрсеткіші соғұрлым нашар болады. Тартулар мен орташа физикалық белсенділік аймағы әлсіз байланысты көрсетті ($r = 0,25$), физикалық белсенділіктің төмендеуіне байланысты көрсеткіш тор жағына қарай өзгерді, бұл тартудағы нәтижелердің нашарлауына әкелді.

Әлсіз корреляциялық байланыс орташа физикалық белсенділік аймағымен және бір жерден ұзындыққа секірумен анықталды ($r = 0,27$), бұл физикалық белсенділік неғұрлым төмен болса, жасөспірімдер соғұрлым аз нәтиже көрсетеді. Төмен физикалық белсенділік аймағы мен тартылу көрсеткіші әлсіз қатынасты көрсетті ($r = - 0,34$), бұл тенденцияны растайды баланың физикалық белсенділігі неғұрлым төмен болса, сіз ең нашар көрсеткіштерсіз ол мемлекеттік дайындық бойынша физикалық тесттерде көрсетеді. Төмен физикалық белсенділік аймағында жүгіру жылдамдығы да төмендейді ($r = - 0,28$).

Жалпы белсенділік аймағы тек денсаулыққа ғана емес, сонымен қатар жасөспірімдердің физикалық жағдайына да әсер етеді. Сонымен, кермеде тартылу көрсеткіші жетіспейтін белсенділік аймағымен әлсіз корреляцияны көрсетті ($r = - 0,40$), бұл физикалық немесе қозғалыс белсенділігі мүлдем болмаса, бұл көрсеткіш жалпы төмендейді. Мұндай үрдіс басқа көрсеткіштермен байқалады: орнынан ұзындыққа секіру ($r = - 0,25$) және 1500 км жүгіру ($r = - 0,38$).

Қорытынды.

Әдеби дереккөздерді талдау көрсеткендей, оқушылардың психоэмоционалды күйіндегі дене дайындығы белсенділік ұғымын зерттеу физикалық денсаулықтың мәні мен жасөспірімдер денесінің физикалық белсенділігін қамтамасыз ету жағдайларын, оның ішінде физикалық белсенділік пен психоэмоционалды жағдайды мүмкіндігінше сапалы және практикалық түрде көрсетуге мүмкіндік беретін жолдарды көрсетеді.

Физикалық қалыптасу адам денсаулығының жай-күйін бағалаудағы басты критерийлердің бірі болып табылады. Дене дамуы жан-жақты және үйлесімді болуы керек. Сондықтан физикалық және психоэмоционалды жағдай-бұл басқаруға рұқсат етілген процедура, бұл жағдайда оны белгіленген тәртіппен бағыттауға рұқсат етіледі. 14-15 жастағы балалардың дене дайындығы дамуын зерттеу барлық балалардың қалыпты екенін көрсетті, бұл ДДҰ ұсыныстарына сәйкес нәтижелерді растайды.

Жасөспірімдердің физикалық жағдайын зерттеу кезінде біз барлық тексерілген әдістерге сәйкес балалар өздерінің жас санаттары бойынша қалыпты екенін анықтадық.

Психоэмоционалды жағдайды анықтау балалардың барлығы дерлік қалыпты психоэмоционалды күйде екенін көрсетті, тек кейбіреулерінде іріктеу қақтығысы бар, бірақ сыни емес.

Корреляциялық талдау нәтижелерін қорытындылай келе, жасөспірімдердің физикалық белсенділігі мен психоэмоционалды жағдайы айтарлықтай өзара байланысты деп айта аламыз.

Сонымен, біз физикалық белсенділіктің, атап айтқанда, Люшер тестінің II жұпымен жоғары белсенділік аймағында орташа өзара байланысы бар ($r = -0,45$), бұл жасөспірімдердің физикалық белсенділігі неғұрлым жоғары болса, II жұптың үлгісі соғұрлым аз болады, балалардың психоэмоционалды жағдайы соғұрлым жақсы болады.

Орташа қарым-қатынас II-мен ерлі-зайыптылармен және орташа белсенділік аймағымен ($r = 0,52$) көрсетілген, бұл физикалық белсенділік төмендеген сайын психоэмоционалды жағдай нашарлап, сандық үлгі жоғарылағанын көрсетеді.

I жұппен жетіспейтін физикалық белсенділік аймағының көрсеткіші орташа байланысты ($r = 0,50$) және II жұпты ($r = 0,48$) көрсетті, бұл физикалық белсенділіктің болмауына байланысты жасөспірімдердің психоэмоционалды жағдайының төмендегенін көрсетеді.

Корреляциялық талдау жүргізгеннен кейін біз психоэмоционалды және функционалды күй ($r = -0,49$) арасындағы орташа қатынастарды орнаттық, бұл функционалды күй көрсеткіші неғұрлым аз болса, жасөспірімдердің

психоэмоционалды жағдайының нәтижесі соғұрлым жақсы болады және I жұпының үлгісі аз болады.

I жұппен және дене салмағының индексімен ($r = 0,50$) орташа байланыс анықталды, дене салмағы неғұрлым төмен болса, баланың психоэмоционалды жағдайы соғұрлым жақсы болады және I жұптың үлгісі аз болады. Дене салмағының индексі және II жұп орташа қатынасты көрсетті ($r = 0,42$), салмақ неғұрлым көп болса, жасөспірімнің психоэмоционалды жағдайы төмен, ал II жұптың үлгісі үлкен болады.

Осылайша, психоэмоционалды жағдай мен физикалық белсенділіктің өзара әрекеттесу деңгейін бағалауға негізделген зерттеудің қолданылған тәсілдерінің тиімділігі объективті түрде көрсетілген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Андрос М. Е. психическое здоровье личности: психологическое консультирование руководителей школ / / образование и управление. - Том 2. – 1998. –232 с.
2. Баевский Р. М. Прогнозирование состояний на грани нормы и патологии / Баевский Р. М. – М.: Медицина, 1979. – 298 с.
3. Баранов А.А. Физиология роста и развития детей и подростков:(теоретические и клинические вопросы). Т. 1: Руководство / Ред А. А. Баранов, Л. А. Щеплягина. – [2-ге вид.]. - К.: ГЕОТАР –медиа, 2006. - 432 с.
4. Бордов В. Г. Анатомия: Учебник Под редакцией / В. Г. Бордова.– К.: Новая Книга, 2006. – 406 с.
5. Борисенко А. Ф. двигательный режим учащихся начальных классов:Учеб. – метод.пособие. – 2–е изд., перераб. и доп. 2001. – 190 с.
6. Бурлачук Л.Ф. Словарь-справочник по психодиагностике /Л. Ф. Бурлачук, С. М. Морозов. - СПб. : Питер, 2006. – 520 с.
7. Вайнбаум Я. С. Дозирование физических нагрузок школьников / Я. С. Вайнбаум. - М.: Просвещение, 2002. - 64 с.
8. Всемирная организация здравоохранения (ВОЗ) [электронный ресурс] // Состояние здоровья // Режим доступа: <https://www.who.int/ru/newsroom/factsheets/detail/physical-activity>

9. Вяткина С.Н. Физическое воспитание, спорт и культура здоровья современном обществе. Сборник научных трудов /З. Н.Вяткина. – К.:Олимпийская литература, 2004. – 118 с.
10. Гончаренко Г. Т. Психическое здоровье ребенка: пособие / Г. Т. Гончаренко. – К., 2003. – 112 с.
11. Гордийчук М. С. дидактические условия оптимизации работоспособности младших школьников на уроке /Национальный педагогический ун-т им. Драгоманова М. П. М. С. Гордийчук. - К.: Олимпийская литература, 2004. –19 с.

References

1. Andros M. E. psihicheskoe zdorove lichnosti: psihologicheskoe konsültirovanie rukovoditelei şkol // obrazovanie i upravlenie. - Tom 2. – 1998. –232 s.
2. Baevski R. M. Prognozirovanie sostoiani na grani normy i patologii / Baevski R. M. – М.: Medisina, 1979. – 298 s.
3. Baranov A.A. Fiziologia rosta i razvitia detei i podrostkov:(teoreticheskie i klinicheskie voprosy). T. 1: Rukovodstvo / Red A. A. Baranov, L. A. Şeplägina. – [2–ge vid.]. - К.: GEOTAR – media, 2006. - 432 s.
4. Bordov V. G. Anatomia: Uchebnik Pod redaksiei / V. G. Bordova.– К.: Novaia Kniga, 2006. – 406 s.
5. Borisenko A. F. dvigatelnyi rejim uçaşihsä nachälnyh klasov:Ucheb. – metod.posobie. – 2–e izd., pererab. i dop. 2001. – 190 s.
6. Burlachuk JI.F. Slovär-spravochnik po psihodiagnostike /L. F. Burlachuk, S. M. Morozov. - SPb. : Piter, 2006. – 520 s.
7. Vainbaum İa. S. Dozirovanie fizicheskikh nagruzok şkölnikov / İa. S. Vainbaum. - М.: Prosveşenie, 2002. - 64 s.
8. Vsemirnaia organizasia zdravoohranenia (VOZ) [elektronnyi resurs] // Sostoianie zdorövä // Rejim dostupa: [https://www.who.int/ru/news ro om/fact sheets/detail/physical-activity](https://www.who.int/ru/news-ro om/fact sheets/detail/physical-activity)
9. Vätkina S.N. Fizicheskoe vospitanie, sport i kültura zdorövä sovremennom obşestve. Sbornik nauchnyh trudov /Z. N.Vätkina. – К.:Olimpiskaia literatura, 2004. – 118 s.
10. Goncharenko G. T. Psihicheskoe zdorove rebenka: posobie / G. T. Goncharenko. – К., 2003. – 112 s.

11. Gordichuk M. S. didakticheskie uslovia optimizatsii rabotosposobnosti mladshih shkolnikov na uroke /Nasionälnyi pedagogicheski un-t im. Dragomanova M. P. M. S. Gordichuk. - K.: Olimpiskaia literatura, 2004. –19 s.

Saitbekov N.D.¹, Abdrakhmanov M.,¹ Khanafiya ZH.,¹ Daulet A.¹ Saitbekova A.²

¹Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

² Klinika aigerim Aktobe, Kazakhstan

*e-mail: nurbol.saitbekov@sdu.edu.kz

PHYSICAL ACTIVITY IN THE PSYCHO-EMOTIONAL AND PHYSICAL STATE OF 14-15-YEAR-OLD STUDENTS

Abstract. In this article, the main direction is the current level of the formation of society, closely related to such scientific problems as the physical development and health of pupils. Such a policy of social and financial development affects the development of adolescents, which leads to deep changes in their internal, psychological and physical health. Physical training of pupils in a state of psycho-emotional activity shows us the ways of the most qualitative and practical reflection of the essence of physical health and the conditions for ensuring the physical activity of the body of adolescents, including the state of the cardiovascular system, psycho-emotional state and physical activity.

Keywords. Physical training lessons, physical activity, cognitive independence, physical condition, emotional condition.

Сайтбеков Н.,¹ Абдрахманов М.,¹ Ханафия Ж.,¹ Даулет А.¹ Сайтбекова А.²

¹Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан

² Клиника “Айгерим”, Актобе, Казахстан

*e-mail: nurbol.saitbekov@sdu.edu.kz

ФИЗИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В ПСИХОЭМОЦИОНАЛЬНОМ И ФИЗИЧЕСКОМ СОСТОЯНИИ СТУДЕНТОВ 14-15 ЛЕТ

Аннотация. В данной статье в качестве основного направления служит современный уровень становления общества, тесно связанный с такими научными проблемами, как физическое развитие и охрана здоровья

школьников. Такая политика социально-финансового становления влияет на развитие подростков, что приводит к глубоким изменениям их внутреннего, психологического и физического здоровья. Физическая подготовка школьников в состоянии психоэмоциональной активности показывает нам пути максимально качественного и практического отражения сущности физического здоровья и условий обеспечения физической активности организма подростков, включающих состояние сердечно-сосудистой системы, психоэмоционального состояния и физической активности.

Ключевые слова. Уроки физической подготовки, физическая активность, познавательная самостоятельность, физическое состояние, эмоциональное состояние

Келін түсті 11 Сәуір 2022

FTAMP 14.01.01

DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu%20bulletin.v59i2.825>

Д.А.Толегенова^{1*}, Ж.Мамбетов²

^{1,2}С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең, Қазақстан

*e-mail: 211301005@stu.sdu.edu.kz

ОҚУШЫЛАРДЫ ОТАНШЫЛДЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҚАЗАҚ БАТЫРЛАР ЖЫРЫНЫҢ РӨЛІ.

Аңдатпа. Бұл мақалада оқушыларды отаншылдық рухта тәрбиелеудегі қазақ батырлар жырының маңызы туралы сөз қозғалған. Автор батырлар жырының балалар тәрбиесіндегі ерекше қызметі жайлы сөз қозғай келіп, жалпы білім беретін орта мектепте батырлар жырын оқыту әдістеріне тоқталған. Үш және бесінші сыныптарда оқытылатын «Қобыланды батыр» жыры балалардың бойына ерлік, қамқорлық, ептілік сияқты қасиеттерді дарытатын құндылықтар екеніне баса назар аударған.

Кілт сөздер: Батырлар жыры, «Қобыланды батыр» жыры, Отаншылдық, ерлік.

Kіріспе

Ауыз әдебиетінің ең құнды мұраларының бірі – батырлар жыры. Батырлар жырынан халқымыздың ғасырлар бойғы келбеті мен шежіресін, бастарынан өткізген алуан жағдайларды, сол қиын кездерде тапқан ақыл-айлаларын аңғарамыз. Қазақ халқында «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» т.б. жырлары бар. Батырлар жырындағы негізгі кейіпкер елін, жерін сүйген ержүрек батыр, ал басты қаһарманның негізгі мұраты - Отанын басқыншы жаудан қорғау.

Эпостық жырлардың оқиғасы қызық, мазмұны терең, тілі көркем болады, эмоциялық әсермен тыңдаушының ынтасын арттырып шаттандырса, жырдағы кейіпкерлер қайтпас ержүрек, жауына қатал, өз еліне мейірімді, намысты, ұстамды, өнегелі адамдар болып суреттеледі. Жыр мазмұны Ер Тарғын, Қобыланды, Алпамыстай батырлардың бойындағы ізгі қасиеттерді ұрпақтарына үлгі етеді.

В.Г.Белинский жас ұрпаққа асыл қазыналарымызды төл тарихымыз арқылы таныстыру аса маңызды екенін атап өткен [1,186]. Ендеше батырлар жырын оқу арқылы оқушылардың рухани дүниесі байып, туған тілін, елін құрметтеуге, қорғауға деген сезімі қалыптасады.

Ал батырлар жырын оқытудағы басты мақсат – оқушыларды халық даналығы, халық ауыз әдебиетімен сусындату, батырлардың ерлігінен үлгі алуға, отансүйгіштік, адамгершілік, парасаттылыққа тәрбиелеу болып табылады. Байқап қарасак, батырлар жырында ұлттық тәрбиенің бірнеше түрлері кездеседі. Атап айтсақ, дене шынықтыру, ақыл-ой тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, отансүйгіштік тәрбие, еңбек тәрбиесі. Міне, батырлар жырындағы негізгі оқиғалардың арқауы да осы тәрбиелік мақсаттармен үндесіп жатады [7].

Эпостық шығармада дене шынықтыру тәрбиесі бірінші кезекке қойылып атқа шабу, мергендік, қылыш шабу шеберлігі жан-жақты суреттеледі.

«Өзі алты жасында

Кәмшат бөркі басында...

Қобыландыны барған соң,

Естеміс ерің баулыды,

Күнде киік аулайды,

Кездесе жауын жаулайды» [2]- деген жолдардан батырдың алты жасынан атта шабуға, мергендікке үйрене бастағанын аңғаруға болады. Батырлар жырын тыңдап өскен балалар мейірбандық пен зұлдымдықты, жақсылық пен жамандықты көз алдына елестетеді, шығарманың идеясын түсініп, ой-өрісі дамиды.

Эпостық жырларда оқиға еселеп, қайталап айтылады. Содан болар оқиға желісі есте тез сақталады. Батырлар жырындағы көркемдегіш құралдар (теңеулер мен тұрақты эпитеттер) балалардың санасына ерекше әсер етеді. Батырлар жырының көркемдігімен қатар тілі айқын да жеңіл болып келеді. Сондықтан да «Қобыланды батыр» жырын ересектермен қатар балалардың оқуына да жеңіл шығарма деп бағалауға болады. Жалпы білім беретін орта мектеп бағдарламасында Қобыланды батыр жыры үш және бесінші сыныптарда оқытылады. Бұл жыр балалардың жас ерекшелігіне лайықты жырлардың бірі. Үшінші сыныпта «Қобыланды батыр» жырына бір сағат бөлінген. Бастауыш сыныптарда батырлар жырын оқыту және толыққанды меңгеруі үшін жасалынатын жұмыстарды төмендегіше жіктепалсақ болады:

1. Балалардың батырлар жырын қабылдауы

2. Эпостық жырлардан әсер алуы және бүкіл бітім-болмысымен түсіне оқуы.

Сонымен оқушының көлемі ұзақ көркем туындыны оқуда ынтасын, зейінін, қабылдаубелсенділігін арттыруда көркемдеп оқуәдісін пайдалану өте тиімді. Батырлар жырын оқытуда ең алғаш: жырды толық оқу, оны нақышына келтіре оқу, дауыс ырғағы мен кідіріске көңіл бөлумәселелерін

ескерген жөн. Сонымен қатар басты кейіпкерлерін, оқиғаларын есте тұту үшін арнайы дәптерге жазып алудың қажеті зор. Әрі оқып отырған шығарманың жанрлық сипатын анықтау, ол ұрпаққа бабадан қалған асыл мұра екенін ескеру қажет. Сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларына жыр идеясы мен тақырыбын айқындату, яғни жырдың айтпақ ойы мен үлгі етпек мәселелерін қозғап отыру баланың шығармадағы негізгі түйінді өзбетінше тұжырымдай алуға мүмкіндік береді. Осы орайда бастауыш сынып оқушыларынан батырлар жырының ой сезіміне тигізген әсерін айқындау мақсатында, баладан қандай үлгі-өнеге алғанын сұрап отыру өте маңызды.

Бесінші сыныпта аталған жырға алты сағат берілген. Онда бастауыш сыныпта танысқан Қобыланды батыр жыры туралы білімін ары қарай толықтырады. Бағдарлама негізінде ұсынылған оқу мақсаттары бойынша қысқа мерзімді жоспар жасалынады. Бірінші сабақта Қобыланды батыр жырының мазмұнына жалпы тоқталып өтеді. Сонымен бірге оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, батырлар жырын әдеби-теориялық тұрғыдан түсіндіру. «Ой қозғау», «Хикаялар картасы» әдісімен жырдың сюжетті–композициялық жоспарын ұсынуға болады: 1)Қобыландының туылуы. 2)Қобыландының ең алғашқы күресі. 3)Қобыландының тұлпары - Тайбурыл. 4)Тайбурылдың шабысы. 5) Қобыланды және қазақ хандығы. 6) Қобыландының тұтқынға түсуі. 7) Көбіктінің жеңілісі. 8) Алшағыр ханның сарайында. 9)Қобыландының Құртқа қызға үйленуі. 10) Қобыланды батырдың ұлы.

Екінші сабақта жырдағы кейіпкерлер бейнесіне тоқталамыз.

Жыр кейіпкерлері туралы пікірлер жинақтатудың да баланың ізденімпаздығына қосар үлесі мол. Мәселен, жыр кейіпкеріне толық образдық талдау жасау барысында оқушыларға Қобыландының ерекше қасиеттерін ататқызу сынды практикалық жұмыстарды сұрақ – жауап, «Ыстық орындық» әдісі арқылы жүзелеуге болады. Балаларға Қобыланды бейнесін талдатқыза отырып, халық арманы мен ұлт мұратын, ел мүддесін айқындатуға болады. Мысалы,

1. Қобыландының бойындағы ерекше қасиеттерін ата Жырдағы Қобыланды батыр бейнесін жасау арқылы халықтың айтпағы не?

2. Кейіпкерлер іс-әрекетін ашуда қолданылатын портрет және суреттеулерді тауып, маңызына тоқталу.

3. Сөздік жұмысын жүргізу [5.134].

Үшінші сабақта жырдағы әйелдер бейнесі, яғни шығармадағы кейіпкерлер портретімен іс-әрекеті арқылы әйелдер образын ашу.

Батырлық жырларында елін, жерін қорғаған батырлармен бірге олардың анасы мен жұбайлары да үлгі етіп көрсетілген. Олар батырларды намысы мен жігеріне дем беруші, жорыққа дайындаушы, қамқоршысы ретінде бейнеленеді.

Батырлардың ақ жаулықты аналарын ардақ тұтып, перзенттік парызын бірсәтке де есінен шығармауы және өмірлік жарын таңдау, жарына деген қамқорлық және оны қорғау үшін жанын құрбан ету сынды қасиеттер жырдың өне бойында айтылып отырады. Ал дәл осылай тәрбиеленген ұландар туған жері үшін отқа түсуден тайынбайтын батыр болып өседі. Сондықтан да баланың бойында ізгі қасиеттерді қалыптастыруда батырларжырының рөлі орасан.

«Қобыланды батыр» жырында Құртқа бейнесі сабырлы, ақылды, көреген болып суреттеледі. Ол үнемі батырға ақыл қосып отырады. Тайбурылды жорыққа дайындайды, міне осының барлығы батырдың қиындықтарды жеңуіне себін тигізеді:

Күн түсірмей көзіне,
Жел тигізбей өзіне,
Үстіне шатыр тіккізді,
Не керегін жеткізді.
Қулықтың сүтін емізді,
Қызыл дәріні жегізді.
Түндікпенен күн берді,
Түтікпенен нәр берді.

Қазақ қыздарының өмірлік жарына деген мұндай адал қызметін Ақжүніс пен Гүлбаршын, Назымдардың да басынан көруге болады. Мұны ұрпақтыерлікке тәрбиелеудің тағылымдық үлгісінің бірегейі десе артық емес. Осы секілді шумақтардан талай рухани құндылықтардың түпкі негізі батырларжырында жатқанын дәлелдеуге болады. Атап айтсақ, досқа адалдық, ерлік, Отансүйгіштік, жауға деген қаһар, сүйікті жарына деген махаббат, өзін қоршаған әлемге деген құрмет, бәрі-бәрі қамтылған.

Төртінші сабақта қазақ эпостарында ердің қанатына айналған тұлпарлар бейнесі сөз болады.

Қазақ халқы ежелден жылқы малының қасиетті, құттыжануар, қала барді «ер қанаты» екенін жете түсінген. Кішкентайынан естіп өскен батырлар жырындағы тұлпарлар бейнесі баланың бойында сәйгүліктерге деген ерекше ынтызарлықты оятады. Жыршылар Тайбурыл бейнесін кербиенің ішінде жатқан кезінен-ақ бастаған, жырда тұлпар болашақта батырға жолдас болатыны белгілі болады. Кейін Құртқадай дана әйелден тәрбие алып өскен

Тайбурыл Қобыландыға жаугершілікте адал жолдас болады. Батырмен бірге елін қорғауға жорыққа шығады. Халық Қобыланды мен Тайбурылды бір-бірін түсінетін жолдас қылып сипаттайды [3,76]

Тайбурылдың батырлар жырындағы тұлпарлардан ерекшелігі, адам тілінде сөйлеп, түсінетіндігінде және жүйріктігінде. Тайбурылдың жүйріктігін жырда төмендегіше суреттеген. Қобыланды: «Шырағым, бурыл шу!»-дегенде

«Құбылып бурыл гуледі,
Табаны жерге тимеді,
Тау мен тасты өрледі.
Төрт аяқты сермеді,
Құлақтың түбі терледі,
Тер шыққан соң өрледі,
Адырды көзі көрмеді,
Көлденең жатқан көк тасты,
Тіктеп тиген тұяғы,
Саз балшықтай иледі» [4.49].

Батырлар жырындағы «Тайбурылдың шабысы» жолдары аса шеберлікпен суреттелген, әсірелеу түрінде жырланған. Сонымен бірге «Тайбурылдың шабысында» халықтың арман-тілегі, сеңгір-сеңгір таулардан бір-ақ қарғып өтетін, алысты жақындататын көлікті аңсаған халық қиялы көрінеді [3,78]. Батырлар жырын сыныпта тұтас оқытуға уақыт жетпейді. Сондықтан мұғалім мәнерлеп оқуға лайықты үзінділерді белгілеп алады. «Қобыландыбатыр» жырындағы жатқа айтуға, оқытуға да лайықты үзінді – «Тайбурылдың шабысы». Мұнда Тайбурылдың шабысы бірден-бірге үдей түседі. Алдыңғы суреттеуден кейінгі суреттеу ерекше үдемелі түрде суреттеледі. Сондықтан мұндай үзіндіні оқу қызық та әрі жеңіл. Сол сияқты Қобыланды батырдың Қазанға аттанарда оның қарындасы Қарлығаштың анасы Аналықтың, сүйген жары Құртқаның батырмен қоштасуы мәнерлеп оқуға лайықты үзінділер.

Бесінші сабақта эпикалық шығармадан үзінділерді мәнерлеп оқу және жатқа айту, жырды күйтабақтан тыңдатып, жырдың оқылу мәнерімен таныстыру практикалық тұрғыдан тиімді. Жырды мәнерлей, нақышына келтіріп оқу, жырдағы оқиғаны басты эпизодтарға бөліп оқып, мазмұндату оқушылардың жыр мазмұнын есте сақтауына мүмкіндік береді.

Жырды толық оқып біткеннен кейін, оқушыларға жыр мазмұнын айтқызу қажет. Сондай-ақ, «Қобыланды батыр» мультфильмі көрсетіліп, оқулықтағы үзіндімен салыстырылады. Осы орайда үйге тапсырма бергенде, өз жауаптарының тезисін, қысқаша жоспар құрғызудың әдістемелік тиімділігі орасан. Бастауыш сынып оқушысына көлемді жырдың мазмұнын толық айту қиындық тудыраы анық. Сондықтан оқушының жыр мазмұнын жүйелі баяндауда өздері әзірлеген жоспарға сүйенуі құптарлық іс. Балалардың зейінін қабілетін арттыру мақсатында оқушылар жауабын бір – біріне толықтырып отырғызудың пайдасы да анық аңғарылып, ол әдістемелік тұрғыдан зерттелген тәсіл болып табылмақ. Сондай-ақ, оқушылардың жыр мазмұнын толық меңгергенін айқындау орайында әрі балалардың мазмұны терең де жүйелі сұрақ бере білу дағдысын қалыптастыру бағытында алдын – ала жыр бойынша сауал даярлату қажеттілігі туындайды. Сонымен қатар баланың поэзияға құштарлығын арттыру, мәнерлеп оқу шеберлігін шыңдауда жырдан бала сезімін селт еткізген эпизодтарынан үзінді жаттату орынды әрекет. Ал, бала қабілеті мен қабылдау деңгейіне орай жырды халық нақылы, дана сөзі болған мақал - мәтелдермен қорытындылату оқушылардың өзіндік көзқарасы мен пікірін қалыптастыруда үлкен мүмкіндіктерге жол ашары сөзсіз. «Қобыланды батыр» жырын оқытқанда өткен күннің сарқыты емес, бүгінгі күнмен үндесу жағына назар аудару керек. Жырдағы салмақты ой түйіні жастарға үн қатады.

Алтыншы сабақта кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды. Оқушылар жырдағы өздері таңдаған кейіпкердің бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерін шығармадан үзінді келтіре отырып топтастырады. Сонымен қатар оқушы өзіне ұнаған кейіпкердің бойындағы табылатын қасиеттерді бүгінгі адамдармен салыстырады. Жоғары деңгей дағдылары тапсырмаларын төмендегіше құрастыруға болады. Жырдағы Қобыланды, Құртқа, Қараманның портреті мен іс-әрекетін талдау; Өзінің пікірін айта отырып, кейіпкерлердің іс-әрекетін шынайы өмірмен салыстыра сипаттау; Кейіпкердің портреті (жыр бойынша), іс-әрекеті (жырбойынша), ХХІ ғасырда... (қазіргі өмірге сай пікірі)[7].

Қорытынды

Батырлар жырын мектепте оқыту өте маңызды. Себебі, өскелең ұрпақ батырлар жыры арқылы өз елінің тарихына үңілумен қатар, туып өскен жерін сүюге, құрметтеуге, Отанының әрбір тасын көзінің қарашығындай қорғауға тәрбиеленеді. Сондықтан еліміздің болашақ иелерін тәрбиелеуде батырлар

жырын оқыту қайта қолға алынуы, қайта жаңғыртылуы тиіс. Әдебиетші ғалым Ә.Қоңыратбаев халық қиялымен жасалған «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Алпамыс батыр» жырында елді, жерді сыртқы жаулардан қорғау идеясы үстем екенін атап көрсеткен [8,127]. Шындығында аумалы-төкпелі уақытта балалардың бойына патриоттық сезімін сіңдіріп, адалдықты, ақылдылық пен парасаттылықты өмір бойы ту қылып ұстайтын ұрпақ тәрбиелеу үшін жоғарыда аталған батырлар жыры мектептің оқу бағдарламаларына кіріктіріліп оқытылса, нұр үстіне нұр болар еді. Сондай-ақ, осыдан санаулы жылдар бұрын қолға алынған тамаша бастама «Тұлпар мініп, ту алған» Қобыланды батыр жырын жатқа оқу телевизиялық жобасы өз жалғасын тапса, халқымыздың асыл мұраларын жатқа оқитын оқушылар саны артып, жас өрен бойында елге, жерге деген сезімін қалыптастыруға, отаншылдық рухта тәрбиелеуге мүмкіндік туатыны сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Белинский В.Г. Шығармалардың толық жинағы. 5-том.
2. Қазақ ауыз әдебиеті «Қобланды батыр» <https://bilim-all.kz/olen/4899-Qoblandy-batyr>
3. Мәлік Ғабдуллиннің еңбектерінің он бір томдық жинағы Алматы. 2018 V «Қазақ халқының батырлық жыры» 424 б.
4. «Қобыланды батыр» ҚазССР Ғылым академиясының баспасы, 1957ж.
5. Әдебиетті оқыту әдістемесі Қ.Бітібаева Алматы «Рауан» 1997 жыл 288 б.
6. Ербол Жанат: Батырлар жыры балаларға не береді? https://massaget.kz/okushyilarga/mektep_omiri/34227/
7. Ә.Қоңыратбаев «Қазақ фольклорының тарихы» Алматы, «Ана тілі» 1991 ж, 279б.

References

1. Belinski V.G. Şyғarmalaryñ tolyq jinağy. 5-tom.
2. Qazaq auyz ädebieti «Qoblandy batyr» <https://bilim-all.kz/olen/4899-Qoblandy-batyr>
3. Mälik Ğabdułinnıñ eñbekteriniñ on bir tomdyq jinağy Almaty. 2018 V «Qazaq halqynyñ batyrlyq jry» 424 b.
4. «Qobylandy batyr» QazSSR Ğylym akademiasynuyñ baspasy, 1957j.
5. Ädebietti oqytu ädistemesi Q.Bitibaeva Almaty «Rauan» 1997 jyl 288 b.

6. Erbol Janat: Batyrlar jyry balalarğa ne beredi?
https://massaget.kz/okushyilarga/mektep_omiri/34227/
7. Ä.Qoñyratbaev «Qazaq fölklorynyñ tarihy» Almaty, «Ana tılı» 1991 j, 279b.

D.A.Tolegenova¹, ZH.Mambetov¹

¹Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

*e-mail: 211301005@stu.sdu.edu.kz

THE ROLE OF KAZAKH HEROES' SONGS IN FOSTERING PATRIOTISM AMONG STUDENTS.

Abstract. This article discusses the importance of the Kazakh batyrs poem in educating students in the spirit of patriotism. The author spoke about the special function of batyrs in the upbringing of children, focused on the methods of teaching batyrs in general education schools. The poem "Koblandy batyr", taught in the third and fifth grades, emphasizes the values that instill in children such qualities as courage, care, and dexterity.

Keywords: batyrlar zhyry, koblandy batyr zhyry, patriotism, heroic deed.

Д.А.Толегенова¹, Ж.Мамбетов¹

¹Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан

*e-mail: 211301005@stu.sdu.edu.kz

РОЛЬ ПЕСНИ КАЗАХСКИХ ГЕРОЕВ В ВОСПИТАНИИ СТУДЕНТОВ В ПАТРИОТИЧЕСКОМ ДУХЕ.

Аннотация. В данной статье речь идет о значении казахских батырах, их воспитание в духе патриотизма. В воспитании учащихся автор рассказывает об особой деятельности батыров. В 3-5 классах учащиеся проходят по программе «Кобыланды батыр», и на основе этого прививают учащимся быть мужественными, заботливыми, умелыми, быть ловкими.

Ключевые слова: Батыр жыры, Кобланды батыр жыры, патриотизм, мужество.

Келін түсті 15 Сәуір 2022